

**СЖТІТ нәтижелерін жария талқылау туралы хаттама**  
Стационар (тәулік бойы), стационар алмастырушы (күндізгі стационар),  
консультативті – диагностикалық медициналық көмек бөлімі (КДМК),  
есеп бөлімі және мемлекеттік сатып алулар бойынша

24.04.2026 ж  
Атырау қаласы

Қатысқандар:

Төраға: Д.Ескалиев

Хатшы: Б.Салиманова

Комиссия мүшелері: Жұмыс тобы

Қатысушылар: есеп бөлімі, ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашы, мемлекеттік сатып алу менеджері

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Стационар (тәулік бойы), стационар алмастырушы (күндізгі стационар), консультативті – диагностикалық медициналық көмек бөліміндегі СЖТІТ нәтижелері.
2. Есеп бөліміндегі СЖТІТ нәтижелері.
3. Мемлекеттік сатып алу саласындағы СЖТІТ нәтижелері.
4. Анықталған бұзушылықтарды жою шаралары.

**1-мәселе бойынша:**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. Стационар (тәулік бойы), стационар алмастырушы (күндізгі стационар), консультативті – диагностикалық медициналық көмек бөлімі бойынша ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашының 2026ж I – тоқсан (қаңтар, ақпан, наурыз) айларында түскен шағымдар, өтініштер және ұсыныстар бойынша аналитикалық анықтамасы ұсынылды.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашы:

Ауруханаға келіп түскен шағымдар, өтініштер және ұсыныстары «*Е-Өтініш*» ақпараттық жүйесі, *ФСМС СРМ нормалы*, *Call-орталық* және *Telegram* чат байланыс арналары арқылы түседі. Жалпы динамикасы 2026ж I - тоқсанында «*Е-Өтініш*» жүйесі арқылы келіп түскен өтініштер саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда келесідей өзгерісті көрсетті:

2026ж қаңтар – 2 өтініш (2025 ж. – 1) → 1 жағдайға артқан

2026ж ақпан – 6 өтініш (2025 ж. – 2) → 4 жағдайға азайған

2026ж наурыз – 2 өтініш (2025 ж. – 1) → 1 жағдайға азайған

Қорытынды: I - тоқсанның қаңтар айында өтініштер 1 жағдайға артқаны байқалса, ақпан және наурыз айында төмендеу тенденциясы тіркелді.

***Е-Өтініш*** арқылы түскен өтініштердің құрылымы:

Талдау нәтижесінде өтініштердің негізгі бағыттары анықталды:

- мемлекеттік сатып алу мәселелері
- оқыту және қайта даярлау бойынша ұсыныстар

- медициналық сипаттағы өтініштер
- адвокаттық және ақпараттық сұраныстар

Медициналық өтініштердің мазмұны: емдеу сапасына, көзілдірікке рецепт жазуға және аппараттық ем алу үшін ұзақ күтетіндерін айтып шағымданған, шағым - негізсіз шағымдар. Барлық өтініштер заңнамаға сәйкес мерзімінде қаралып, тиісті жауаптар берілді.

**ФСМС CRM порталы** арқылы:

1 - шағым қаңтар айында, 1 - шағым ақпан айында тіркелді, мәселе шешіліп, шағым кері қайтарылды. Наурыз айында шағым тіркелмеген. Шағымдар негізсіз, уақытында жауап берілді. Call - орталық - 87084217207 арқылы

**Telegram чат** арқылы:

1 - тоқсанда жалпы 12-ге жуық шағым тіркелді.

Негізгі мәселелер:

- ✓ қабылдауға тікелей жазылу мәселесі
- ✓ Дамумедке жергілікті емхана арқылы келу ұзақ уақыт алатындығы

Барлық өтініштер жедел қаралып түсіндіру жұмыстары жүргізілді, мәселелер шешілді. Бірқатар шағымдар кері қайтарылды, негізсіз деп танылған жағдайлар болды.

Шағымдардың сипаты мен талдауы: Жалпы талдау нәтижесі бойынша: Шағымдардың басым бөлігі ұйымдастырушылық және ақпараттық сипатта болған, медициналық қызмет сапасына қатысты дәлелденген кемшіліктер анықталмаған, Көптеген жағдайларда азаматтарға қолданыстағы заңнама нормалары түсіндірілді. Сонымен қатар, қызметкерлермен түсіндіру және тәртіптік жұмыстар жүргізілді, пациенттермен кері байланыс жақсартылды.

## **2-мәселе бойынша:**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Есеп бөлімі бойынша бас есепшінің және еңбекақы есепшісінің уақытша м.а. 2026ж I – тоқсан (қаңтар, ақпан, наурыз) айларындағы бухгалтерлік есебі ұсынылды.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Бас есепші: «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Қаржыландыру Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы ТМККК және МӘМС арқылы жүзеге асырылады. Салықтық есептілік уақытылы тапсырылған, берешек жоқ, бұзушылықтар анықталған жоқ.

Комплаенс офицер: есеп бөлімі техникалық жұмыстарға байланысты 1С бағдарламасын жаңартуға өтініш берген. Жаңарту нәтижесінде аурухананың кейбір қызметкерлерінің жалақысында дұрыс емес өзгерістер болып, артық ақша қаражаты аударылып кеткен. Есеп бөлімі және қызметкерлер арасында жиналыс өткізілді. Хаттама толтырылды, артық аударылған ақша қаражаты бюджет есебіне қайтарылды.

Қабылданған шаралар:

Баяндалған жағдайда сыбайлас жемқорлық қылмысы немесе әкімшілік сыбайлас құқық бұзушылық көрінісі жоқ. Жалақыларына артық ақша қаражаты аударылып кеткен қызметкерлер артық аударылған ақша қаражатын бюджет есебіне ай сайынғы алатын жалақыларынан ерікті түрде қайтарылуда.

Өткізілген іс-шаралар:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру жұмысы 11.03.2026ж

## **3-мәселе бойынша:**

## ТЫҢДАЛДЫ:

Мемлекеттік сатып алу бойынша:

Мемлекеттік сатып алу менеджері 2026ж I – тоқсан (қаңтар, ақпан, наурыз) айларындағы мемлекеттік сатып алулар және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алулар есебі ұсынылды.

## СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Мемлекеттік сатып алу менеджері: Есептік кезеңде мекеме тарапынан тауарлар, жұмыстар және қызметтерді мемлекеттік сатып алу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылды. Сатып алулар ашықтық, тиімділік және бәсекелестік қағидаттарын сақтай отырып өткізілді.

Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу уақтылы ұйымдастырылып, аурухананың қажеттіліктері толық қамтамасыз етілді. Барлық рәсімдер бекітілген жоспарға сәйкес орындалды, әлеуетті өнім берушілермен шарттар жасалды. Бұзушылықтар анықталған жоқ. Жұмыс тұрақты бақылауда.

## ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. СЖТІТ нәтижелері назарға алынсын.
2. Құрылымдық бөлімше басшыларына:
  - ✓ анықталған бұзушылықтарды бір ай ішінде жою;
  - ✓ орындалуы туралы есеп ұсыну тапсырылсын.
3. Келесі бағыттар бойынша бақылау күшейтілсін:
  - ✓ медициналық көмек көрсету стандарттары;
  - ✓ қаржылық тәртіп;
  - ✓ мемлекеттік сатып алу заңнамасы.
4. Құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, келесі заңнамалар басшылыққа алынсын:

ҚР Қылмыстық кодексі:


- ✓ 190-бап (алаяқтық);
- ✓ 216-бап (іс жүзінде орындалмаған жұмыстар, көрсетілген қызметтерге шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау, жалған шот-фактуралар);
- ✓ 361–362-баптар (лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану және асыра пайдалану);
- ✓ 364–366-баптар (кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, пара алу).


ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі:


- ✓ 426-бап (дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласының қағидаларын бұзу).


«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу міндеттері.


Қосымшалар: есептер

Төраға:  Д. Ескалиев

Хатшы:  Б. Салиманова

Ішкі аудит бойынша дәрігер сараптамашы  Г. Канаева

Бас есепші  Г. Утекешева

Мемлекеттік сатып алу менеджері  А. Сакиева